bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2018

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Тақырыбы: «Өз тілімді сүйемін».

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 26.02.2018 | https://bilimger.kz/31215/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

- **Мақсаты**: Балабақшада ана тілінің, өз тілін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдылық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Астананың суреті, Тудың, Әнұранның суреттер.

**Әдіс-тәсілдері**: Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын.

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін ерекше күн екен. Біздің сабағымызға көптеген апайлар келіп отыр. Олай болса, балалар апайлармен амандасып алайық.

**Тәрбиеші:** Сәламатсіздар ма?

**Балалар**: Сәламатсіздар ма? (қайталайды).

**Тәрбиеші:** Ал, кәне, балалар дөңгеленіп шаттық шеңберге тұрайық. Бір-біріміздің

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

қолдарымыздан ұстап тілектерімізді айтайық. **Тәрбиеші** :

Деніміз сау болсын.

Арайлап атқан таңымыз ашық болсын.

Күлімдеген жүзімізден күлкі кетпесін.

**Балалар қайталайды.**

**Тәрбиеші:**

Ашық ұйымдастырылған іс — әрекетіміздің тақырыбы: **«Өз тілімді сүйемін».**

**Тәрбиеші:**Балалар назарларымызды тақтаға аударайық.

Тақтада мезгілдің суреттері бар.

Көктем, жаз, күз, қыс.

Қазір қай мезгіл?

Күз мезгілі.

**Балалар:** Күз. (қайталайды).

Күзде ауа-райынның құбылыстар болады. Күн салқын, бұлтты,

жаңбырлы, жел. Күзде жылы киінеміз. Күздің соңғы айларында туман болады.

— Балалар мына суретте Ел басымыздың презеденттің суреті:

— Ол Нұрсұлтан ата.

**Балалар:** Нұрсұлтан ата. (қайталайды).

**Тәрбиеші**: Нұрсұлтан ата Қазақстан Республикасын басқарады. Нұрсұлтан атаны сыйлаймыз және құрметтейміз.

**Тәрбиеші:**

Мына сурет: Ту.

**Тәрбиеші:** Тудың түсі қандай.

Түсі көк.

Тудың ортасында қандай суреттер бар. Күннің және қыран құстың суретті бар. Күннің түсы сары. **Тәрбиеші:**

Мынау сурет Елтаңбаның суретті.

**Балалар:**

Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.

**Тәрбиеші:**

Балалар біздің Қазақстанның өз әнұраны бар. Қазақстан туы көтерілгенде айтылады. Жалпыда айтыла береді. Қазақстанның Ән ұраны жүргенде оң қолымызды сол жақ тұсына апарып қоямыз.

**Тәрбиеші**
:

Қалай қою керек екенін көрсетеді. **Балалар:**Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.

**Тәрбиеші:**

Балалар біздер қандай тілмен сөйлеп тұрмыз. Қазақ тілмен, өзіміздің ана тілімізбен сөйлеп тұрмыз.

Қазақ тілі, Ана тілі-ең басты байлығымыз.

Ана тілі-ежелден атадан балаға мирас, болып қалып отырған баға жетпес мұра.

Ана тілі мен қазақ тілі — мемлекеттік тіл.

**Тәрбиеші**:

— Кәне, балалар бәріміз орнымыздан тұрып Қазақстан Республикасынның мемлекеттік Әнұранымыз айтайық. Өлеңі: Н. Ә. Назарбаев.

Ж. Нәжімеденов.

Әні: Ш. Қалдыаяқов.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме карашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қ-сы.

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің –Қазақстаным!

**Тәрбиеші**:

— Жарайсыңдар,

балалар,

— Ал, кәне, балалар, қазақ тілі ана тіліміз туралы тақпақтарымыз айтайық.

**Мадина**:

Ақыл-ойын дананың

Ана тілден аламын.

**Нұрсейіт:**

Ана тілім ардақты

Ақ сүтіндей анамның.

**Жандарбек:**

Өсірген ой, білімді.

Сүйем туған тілімді.

**Нұрай:**

Ардақта тіліңді,

А л одан білімді

**Тәрбиеші**:

Жа

райсыңдар балалар.

Кәне, балалар сергіп бір алайық.

**Сергіту сәті:**

Тәрбиеші:

Айтып көрсетеді.

– Кәне, балалар, орнымыздан тұрайық.

Ормандағы аюдың

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

**Балалар:**

Балалар қайталайды.

**Тәрбиеші**

:

Жарайсыңдар балалар.

**Тәрбиеші**

**:**

**Ойын:**

**Тақырыбы: «Өз үйінді тап».**

**Мақсаты:**

Балаларға түстерді айыруға үйрету**.** Түстер арқылы өз үйлерін табуға үйрету,ажыраты. Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

**Ойын шарты:** Балалардың үстел үстіндегі 3 (үш) түрлі жалаушаларды алып, жалаушаның бір тұтас түстеріне қарай шығыршықтың ішіне кіреді.

**Тәрбиеші**:

Сұрақ-жауаптар.

**Тәрбиеші:**

— Қазір қай мезгіл?

Күзде қандай құбылыстар болады?

**Балалар:**

Күз. Күн салқын, жаңбырлы.

**Тәрбиеші:** Елбасымыз кім?

**Балалар:** Нұрсұлтан ата.

**Тәрбиеші:**Туымыздың түсі қандай?

**Балалар:** Көк.

**Тәрбиеші:**Туда қандай суреттер бар?

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Балалар:** Күннің және қыран құстың суретті бар.

**Тәрбиеші:** Елтанбамыздың түсі қандай?

**Балалар**: Сары алтын дейді.

**Тәрбиеші:** Әнұран айтқанда не істеймыз?

**Балалар:** Орнымыздын тұрып тук — тук соғып тұрған жерді басамыз. (оң қолымызды сол жақты басамыз).

**Тәрбиеші:** Қорытынды.

Балалар бүгін сабаққа жақсы қатыстыңдар. Рахмет сендерге. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай «Қазақстанның болашағы — қазақ елінде» деп айтқандай ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшыратын, сұңқары, бәйгенің алдын бермейтын тұлпары болуларын тілектеспін.

**Тәрбиеші:**

Балалар орнымыздын тұрып, қолдарымыз ұстайық. Қол ұстасып тұрайық,

Шеңбер болып тұрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Балалар қолдарын бұлғайды.

**Балалар :** Тәрбиешімен бірге қайталайды.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.